

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты Майғазиев Сәкен Қордабайұлының "Қазіргі қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар (этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығы негізінде)" тақырыбындағы 6D041600 - «Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациялық жұмысы туралы ғылыми жетекшісінің

ПІКІРІ

Қаралатын С.Майғазиевтың диссертациялық жұмысы ұлттық музыкалық мәдениет контекстіндегі этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығы туралы тұтастай түсінік беретін музыкатанудың қазіргі заманғы дамуы үшін аса өзекті талпынысы болып табылады. Еліміздің мәдени мұраны зерттеу саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыру шараларының бір бағытын көрсетеді. Қазіргі уақытта мемлекет тарапынан еліміздің мәдени-тарихи мұрасын жаңғырту, сақтау және дамыту мәселелеріне үлкен назар аудырылып жатқанын ескере отырып, С.Майғазиевтың осы диссертациясы Қазақстанның эстрада өнерінде этнофольклорлық топтар шығармашылығының алатын орны ұзақ жылдар өнертану тарихында зерттелмегеніне байланысты аса күрделі мәселелерге жауап береді.

Қорғалуға жіберіліп отырған докторант С.Майғазиевтың зерттеу жұмысы жаңашылдығымен және өнертану ғылымының заманауи мәселелеріне жауап бере алатындығымен ерекшеленеді.

Диссертацияның әдістемелік ерекшеліктері – музыкатану, этнография және мәдениеттану салаларының жиынтығы арқылы жетуге бағытталғандығы аса өзекті болып табылады.

Осы зерттеудің нәтижелерін мәдениет тарихын зерттеудегі әртүрлі мемлекеттік және ғылыми бағдарламаларда, сонымен қатар қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау мен жетілдіруде қолдануға болады.

Сіздің назарыңызға ұсынылған диссертация докторант С.Майғазиевтың оқу уақытында жүргізілген үш жыл ішіндегі ғылыми ізденістің еңбегі болып табылады. Диссертант алдына қойған мақсатына жете білді, ол өзінің кәсіби білімінің нәтижесінде және оны тәжірибеде қолдана отырып, күнделікті өмірде ғылыми және шығармашылық шеберлігін көрсете білді, өйткені "Муз-арт" ансамбльдің мүшесі болып көптеген жылдар бойы өзінің әншілік талантын елге кеңінен танымал әртісі ретінде көрсетеді және де қазіргі таңда қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық топтардың репертуарын жақсы біледі. Музыкалық өнерді дамытуға қосқан үлесі үшін ол "Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері" атағымен мемлекет тарапынан марапатталды.

Көптеген ұлттық мәдениеттер үшін дәстүрлер мен жаңашылдықтың өзара әрекеттесуінің өзекті мәселелері болды және болып қала береді. Ұлттық мәдени негіздегі еуропалық жанрлардың дамуының аса күрделі және динамикалық жолын ұғыну ғылыми ізденістерді зерттеу тақырыбына

айналды. Қазіргі музыкатанушылар өз жұмыстарын өткеннің тәжірибесін тануға, осы үдерістің ішкі механизмдерін терең талдауға арнайды. Мәдениетаралық коммуникация мәселелеріне диссертанттың зерттеушілік қызығушылығы жалпы жаһандану жағдайында өнердің қызмет ету саласындағы өзекті ғылыми үрдістерге сәйкес келеді.

Аталған тақырып қазіргі таңға дейін зерттелмегендіктен, ұсынылған теориялық зерттеу отандық музыкатану саласын дамытуда және алдағы ғылыми көзқарастарға айтарлықтай өз үлесін қосады деген сенімдемін.

С.Майғазиевтың зерттеу жұмысы жүйелі және ғылыми түрде жазылған. Диссертация сонымен қатар өзіндік маңызға ие. Аталған тақырыпқа деген кешенді көңіл бөлу ізденушінің этнофольклорлық ансамбльдердің қалыптасу мен даму кезеңдерін жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді.

Жұмыс жүйелі түрде жүзеге асырылды және көптеген шығармалардың материалында ашылды. С.Майғазиевтың диссертациялық зерттеудің құндылығы бірден бірнеше жағдаймен анықталады. Ең алдымен, тандалған тақырыпты ашуға және қойылған мәселені шешуге дерек көздердің кең корпусының және терминологиялық аппараттың бағыттылығында көрініс табатын жұмыстың нақты әдіснамалық бағдарларын атап өту қажет. Теориялық, тарихи және орындаушылық (практикалық) әдіснамалық негіздер қиылысатын, бұл талқыланатын жұмыстың өзектілігі мен практикалық маңыздылығын едәуір шамада анықтайды.

Диссертант алған ғылыми нәтижелер жаңалықтан тұрады, ол жұмыста алғаш рет эстрадада этнофольклорлық ансамбльдердің қызмет ету мәселесін көтеруге, олардың даму үрдісін анықтауға, генезиске қысқаша шолу жасауға, кезеңдерге бөлуге, осы ансамбльдердің шығармашылығы ашылды.

Үш тараудан, кіріспеден, қорытындыдан және қосымшадан тұратын диссертация қисынды және ішкі тұтас жасалған. "Теориядан талдауға" материалды баяндау логикасы жұмыстың жалпы бағыттылығымен және автордың алдында тұрған міндеттермен ақталған.

Диссертациялық зерттеудің басында автор өзектілік, жаңашылдық, жұмыстың ауқымы, жұмыс объектісіне көңіл бөліп, жалпылай мінездеме береді. Ал диссертацияның негізгі бөлігін отандық мәдениет контексінде этнофольклорлық ансамбльдердың даму үрдістеріне арнай отырып, көне түркі сарындардағы ансамбльдік өнердің бастауларын анықтап, ұлттық әндердің сөз көркемдігі мен тіл өрнегі поэтикалық тұрғыдан қарастырып, топтардың шығармашылығындағы ұлттық музыканың қазіргі интерпретациясын көрсетіп, дәстүрлі өнердің ықпалын белгілеп, «The Magic of Nomads», «Қоңыр», «Тұран», «Роксонаки», «Алдаспан», «ХасСақ», «Ұлытау», «МузАРТ» топтардың көркемдік ерекшеліктерін және де репертуарларын ашып береді. Этнофольклорлық шығармашылығы Қазақстан эстрадасының ерекше құбылыс екенін автор өз диссертациялық іздену жұмысында, мазмұнында, ғылыми жаңашылдығында негізгі идея етіп алған.

Диссертацияның қорытындысында алынған зерттеу нәтижелері көрсетілген.


Зерттеудің ғылыми нәтижелері негізделген, өйткені ғылыми әдіснаманың берік базасына сүйенетін болады. Диссертацияда автор бірнеше жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістерін қолданды. Таңдап алынған тақырып зерттеу жағынан ашылған, белгілі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, диссертацияның шынайлығын қамтамасыз етеді. Диссертант олардың аттары мен мақалаларын ғылыми этика жағынан нақтылай көрсете алған.

Диссертациялық жұмыс - өзіндік зерттеу, ол өзінің маңыздылығы мен өзектілігі бойынша, оны ғылыми айналымға енгізу қажеттілігін ескере отырып, этнофольклорлық топтар қазіргі заманғы мәдениеттің елеулі бөлігі бола отырып, белсенді түрде дамып келе жатқандығына байланысты өнертануға салмақты үлес болып табылады.

Ғылыми кеңесші ретінде республикамызда алғаш рет зерттелген жұмыстың өзектілігін, жаңашылдық және орындалған жұмыстың ерекшелігін бағалай келе "Қазіргі қазақ эстрадасындағы этнофольклорлық тенденциялар (этнофольклорлық ансамбльдер шығармашылығы негізінде)" атты диссертация жоғары деңгейде орындалған, ал ізденуші Майғазиев Сәкен Қордабайұлы 6D041600 - «Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясы "Эстрадалық оркестр аспаптары"
кафедрасының профессоры,
өнертану ғылымының кандидаты

 Бегалинова Г.А.

